

Тұрмыстық қатты қалдықтарды әкету тарифін бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2014 жылғы 14 шілдедегі № 203 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 28 шілдеде № 4735 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2018 жылғы 23 қазандағы № 205 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 23.10.2018 № 205 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қармақшы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Тұрмыстық қатты қалдықтарды әкету тарифі айына тұрғын үйлерден – бір адамға 102 теңге мөлшерінде бекітілсін.
2. Тұрмыстық қатты қалдықтарды заңды тұлғалардан әкету тарифі 1 текше метрге 820 теңге мөлшерінде бекітілсін.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қармақшы аудандық
мәслихатының кезектен тыс
29-сессиясының төрағасы

С. Жолымбетов

Қармақшы аудандық
мәслихатының хатшысы
"КЕЛІСІЛДІ"

М. Наятұлы

Қармақшы аудандық тұрғын
үй – коммуналдық шаруашылық,
жолаушылар көлігі және автомобиль
жолдары бөлімінің басшысы
_____ М. Еркебаев

"14" шілде 2014 жыл